

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Тимофеев ауылы әкімінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 7 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және Әуликөл аудандық жер учаскелерін беру жөніндегі комиссиясының 2022 жылғы 21 қарашадағы № 26 отырысының хаттамасынан үзінді көшірме негізінде Тимофеев ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Мобайл Телеком Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне ұзындығы 500 метр талшықты-оптикалық байланыс желісін салу және пайдалану үшін жалпы ауданы 0,2 гектар Әуликөл ауданы Тимофеев ауылының аумағында орналасқан жер учаскесіне 5 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Тимофеев ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберу;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Нсанбаев